



Автор: САДЫКОВА КАРЛЫГАШ ЕРСИНБЕКОВНА

Пән: Қазақ тілі (Т1)

Сынып: 2-сынып

Бөлім: Менің мектебім

Тақырып: Сөйлем дегеніміз не? Диалог жаза аламын.

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	2.3.7.1 - сөйлем түрлерін айтылу мақсатына сәйкес тыныс белгілерін (нүкте, сұрақ белгісі, леп белгісі) қою 2.4.2.6 - сөйлемдегі бір-бірімен байланысып тұрған сөздерді табу
Сабақтың мақсаты:	Барлығы: Сөйлем түрлеріне сәйкес тыныс белгілерін анықтайды. Көпшілігі: Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтап құрастырады. Кейбірі: Сөйлемді көшіріп жазу барысында тыныс белгілерін (нүкте, сұрақ белгісі, леп белгісі) қояды.
Тілдік мақсаттар:	Сыныптан тыс оның ішінде ойындарды, үйірмелерді талқылайды. Пәнге қатысты лексика мен терминология: Әуестік ойындар, қызығушылықтар қызмет түрі, би, футбол, атқа міну, музыка, спорт, пәндік үйірмелер. Талқыланатын мәселелер: Қандай мектептегі қандай үйірмелерді білесің? Қандай пәндік үйірмелерге қатысасың? Сендер мектептен тыс қандай үйірмелерге барасың?
Күтілетін нәтиже:	Сөйлем түрлерін айтылу мақсатына сәйкес тыныс белгілерін (нүкте, сұрақ белгісі, леп белгісі) қою. Сөйлемдегі бір-бірімен байланысып тұрған сөздерді табу
Бағалау критерийлері:	-Сөздердің орын тәртібін сақтап сөйлем құрастырады. -Сөйлем түрлерін айтылу мақсатына сәйкес тыныс белгілерін (нүкте, сұрақ белгісі, леп белгісі) қояды.
Құндылықтарды дарыту:	Ұжымдық, топтық, тұлғааралық, мінез-құлық дағдылары қалыптасады.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	«Менің атым-Қожа» фильмі
Пәнаралық байланыс:	Көркем еңбек, әдебиеттік оқу
Бастапқы білім:	Мектептің орналасқан жерін анықтай алады, өзін мектеп оқушысы ретінде сипаттай біледі, мектептің адам өміріндегі маңызын түсінеді.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (4 мин)	I. Психологиялық ахуал. «Жаңбыр жауды» тренингі Мұғалім белгілі бір іс әрекеттер істейді, ал оқушылар қайталайды. Аяқпен қолмен жүзеге асырылады. Топтарға бөлу. «Мозаика» арқылы топтарға бөлінеді (Ж) «Ширату» тапсырмасы. «Интервью» әдісі. «Менің атым-Қожа» фильмінен үзіндіні қарап, төмендегі берілген сұрақтарға жауап беріңдер. - Қожа туралы фильм қалай аяқталады? - Оның кейіпкерлері кімдер? - Үзінді барысында диалогқа кімдер қатысты? - Кім сұрады? - Кім жауап берді? Ал енді балалар, бүгін біз қандай тақырып өтеміз деп ойлайсыңдар. Кері байланыс: «Интервью» әдісі арқылы алдыңғы білімін ауызша бағалаймын.	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (28 мин)	Білу және түсіну 1-тапсырма. (Ө) «Көшіріп жазу» әдісі Мәтінді оқып шық. Мәтіндегі диалогқа қатысты өйлемді көшіріп жаз. Сұраған сөйлем мен жауап берген сөйлемнің тыныс белгілерін анықта. Бағалау дескрипторы: Нүкте қойып жазады. Сұрақ белгісі қойып жазады. Леп белгісі қойып жазады. Кері байланыс:Тапсырманы смайликтер арқылы бағаладым. 23-жаттығу. (Ұ) «Жариялау» әдісі Берілген сөйлемді оқыңдар. Қайсысы сөйлемді құрайды. Сөйлеміңнің түрлерін ажырат. 1. Неге,Қожатай,шақырдың, 2. Неге шақырдың, Қожатай? Бағалау дескрипторы: Сөйлем түрлеріне сәйкес тыныс белгілерін анықтайды. Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін түсінеді. Кері байланыс:Тапсырманы «Бағдаршам» әдісі арқылы бағаладым. 25жаттығу (Т) «Жүгіру диктаны» әдісі. Мақсаты. Тақтада берілген сөйлемді есте сақтап жүгіріп келіп тобына дауыстап айта отырып жазады. Екінші сөйлемді келесі оқушы, сөйлемдер аяқталғанша жүгіріп барып оқып, есте сақтап айта отырып жазады. Сөйлем еске сақтай отырып жазыңдыр. Айтылу түрлеріне сәйкес тыныс белгілерін қойыңдыр. Сабақтан себепсіз қалмаймын. Оқушылар мұражайға барды. Мені кім шақырған ? Қандай әдемі гүл! Бағалау дескрипторы: 1 Сөздердің орын тәртібін сақтап сөйлем құрастырады. 2.Сөйлемді бас әріппен жазады. 3.Сөйлем түрлерін айтылу мақсатына сәйкес тыныс белгілерін (нүкте, сұрақ белгісі, леп белгісі) қояды. Кері байланыс:Тапсырманы қаншалықты меңгергенін жазбаша бағаладым.Топ өзін-өзі бағалады.	
Сабақтың соңы (8 мин)	(Ұ) «Менің сөзім» әдісі Бір оқушы тұрып, сабақтан бүгінгі үйренгендерін қортындылап айтады.Айтып болған соң, басқа бір оқушының атын айтып сөзді сол оқушы жалғастырып рефлексия жасайды.	
Рефлексия	Сабақ жоспары ОМ дұрыс қойылған.Оқушылардың барлығы ОМ қол жеткізді.Сабақтың уақыттық кезеңдері сақталды. Сабақ жоспарынан ешқандай ауытқулар болмады.	